



«28» 08 2023 ж.

Бұйрық № 65

«Мектепте тамақтандыруды ұйымдастыру туралы»

«Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығын (14 желтоқсан 2022ж. өзгерістер мен толықтыру), Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары» №76 бұйрығын (05.04.2023 өзгерістер) басшылыққа алып, мектепте төмендегідей шаралар ұйымдастырылсын:

1. Мектеп асханалары қызметінің тәртібіне қойылатын талаптарға сәйкес №34 орта мектебінде ыстық тамақты ұйымдастыру жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін **бракераж комиссиясы** төмендегідей құрамда бекітілсін.
 - 1) Комиссия төрайымы – мектеп директоры А.Ж. Айзакова
 - 2) Қамқоршылық кеңесінің төрайымы- А.А.Кокимова
 - 3) Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева
 - 4) Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары А.К.Мамбеталина
 - 5) Мектеп медбикесі Ә.Н.Тұнғат
 - 6) Ата-аналар төрайымы Т.М.Жусипова
 - 7) Әлеуметтік педагог Г.К.Азаматова
3. Бракераждық комиссия жұмыс жоспары бекітілсін
4. Бракераждық комиссия мүшелері жеткізілетін тамақ өнімдерінің сапасын, тағамдарды дайындау технологиясын, мәзірдің дұрыс жасалуын, азық-түлік пен дайын тағамдарды сақтау мерзімдері мен шарттарының сақталуын қадағалап, мониторинг жүргізісін
5. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығына 10- қосымша «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына (2023.28.04. берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) сәйкес ата-аналардан құжаттарды қабылдау әлеуметтік педагог Г.К.Азаматоваға міндеттелінсін.
6. №34 орта мектебінде мектептегі тамақтандыру жұмысының ұйымдастырылуына мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р.Утебаева жауапты болып бекітілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры _____ Айзакова А.Ж.

